




Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері

Тақырыбы: «Әуен әлеміне саяхат»

Музыка жетекшісі Хабидоллева А.Б.

2024-2025 оқу жылы

**Арнайы білімді қажет ететін балаларға арналған
Білім беру процессінің ашық көрсетілімі**

Тақырыбы: «Әуен әлеміне саяхат»

Жауапты: Музыка жетекшісі Хабидоллева А.Б.

Тобы: «Жарқын», «Қадам» топтары

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұзақтығы: 20-25 минут

Өткен күні: 11 қараша 2024 жыл

Мақсаты:

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды музыка ырғағын сезінуге, музыкалық аспаптардың дыбысын ажыратуға және қимыл-қозғалысты музыка ырғағымен үйлестіруге үйрету.

Міндеттері:

Білімділік:

- Музыкалық аспаптардың атауларымен таныстыру;
- Музыканың көңіл-күйін ажыратуға үйрету.

Дамытушылық:

- Есту қабілетін дамыту;
- Ырғақты сезінуін қалыптастыру;
- Қимыл үйлесімділігін жетілдіру.

Тәрбиелік:

- Музыкаға қызығушылықтарын арттыру;
- Ұжыммен әрекет етуге тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

- Интерактивті тақта;
- Музыкалық орталық;
- Бубен;
- Сылдырмақ;
- Қоңырау;
- Барабан;
- Түрлі түсті ленталар;
- Көңілді әуендер жинағы.

Оқу қызметінің барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды музыка залында қарсы алу.

Музыка жетекшісі:

— Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Балалар:

— Сәлеметсіз бе!

Шаттық шеңбері

Әуен ырғағымен:

Күн күлімдеп қарайды,

Бізге шуақ тарайды.

Музыкамен достасып,

Көңіліміз жарайды.

Балалар бір-біріне күлімсіреді.

II. Қызығушылықты ояту

Экраннан түрлі музыкалық аспаптардың суреттері көрсетіледі.

Музыка жетекшісі:

— Балалар, бүгін біз ерекше саяхатқа шығамыз.

— Бұл қандай әлем деп ойлайсыңдар?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

— Біз «Әуен әлеміне саяхатқа» барамыз.

III. Негізгі бөлім

1. «Дыбысын тап» ойыны

Музыка жетекшісі балаларға аспаптарды көрсетеді.

Бубен

Қоңырау

Барабан

Сылдырмақ

Балалар әр аспаптың дыбысын тыңдайды.

Сұрақтар:

— Қай аспап қатты дыбыс шығарады?

— Қай аспап нәзік дыбыс шығарады?

Балалар жауап береді.

2. Ырғақты қайтала

Музыка жетекшісі бубенмен ырғақ соғады.

Мысалы:

Шапалақ – шапалақ – үзіліс.

Балалар қайталайды.

Қарапайым ырғақтан күрделірек ырғақтарға көшу.

3. Музыкалық-қимыл ойыны

«Пойыз»

Көңілді әуен қойылады.

Балалар бірінің артына бірі тұрады.

Музыка жылдамдағанда:

— Пойыз тез жүреді.

Музыка баяулағанда:

— Пойыз баяу жүреді.

Музыка тоқтағанда:

— Пойыз да тоқтайды.

4. Ленталармен би

Балаларға түрлі түсті ленталар таратылады.

Баяу әуен қосылады.

Балалар:

- Ленталарды жоғары көтереді;
- Оңға-солға сермейді;
- Шеңбер бойымен қозғалады.

Музыка жетекшісі балалардың қимылдарын бағыттап отырады.

Сергіту сәті

Барабанды ұрамыз,

Достарменен тұрамыз.

Шапалақты соғамыз,

Көңілдене ойнаймыз.

5. «Көңілді аспаптар оркестрі»

Балаларға музыкалық аспаптар таратылады.

Бірінші топ – сылдырмақтар;
Екінші топ – қоңыраулар;
Үшінші топ – бубендер.
Музыка сүйемелдеуімен балалар бірге орындайды.

IV. Қорытынды бөлім

«Не естідің?» ойыны

Музыка жетекшісі аспаптарды перденің артында ойнайды.

Балалар:

— Бұл барабан.

— Бұл қоңырау.

— Бұл бубен.

Сұрақ-жауап:

— Біз қай әлемге саяхат жасадық?

— Қандай аспаптармен таныстық?

— Қай аспап сендерге ұнады?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Мадақтау

Музыка жетекшісі:

— Жарайсыңдар, балалар!

— Бүгін сендер әуенді тыңдап, ырғаққа сай қимылдап, нағыз кішкентай музыканттар болдыңдар.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:

Музыкалық аспаптардың атауларын.

Игереді:

Музыкалық дыбыстарды ажыратуды.

Меңгереді:

Музыка ырғағына сәйкес қимыл жасауды және қарапайым ырғақты қайталауды.